

№ 2007

8557к

# HYPFOXA OPAZ



1







# НҰРҒОЖА ОРАЗ

Екі томдық  
шығармалар жинағы

1-ТОМ

*Өлеңдер мен поэмалар*



Алматы  
"Жазушы"  
2007

ББК 84 Қаз 7-5

О 65

*Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат  
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

**Ораз Н.**

**О 65 Екі томдық шығармалар жинағы: 1-том.**  
Өлеңдер мен поэмалар:— Алматы:— Жазушы,  
2007.— 448 бет.

ISBN 9965-815-84-4

Ақынның бұл томына оқырман қауымға бұрыннан таныс ойлы да парасатты өлеңдері мен “Тәуелсіздік таңы атты”, “Досымның тағдыры” секілді шалқыған шабыттан туған шаңқанбоз дастандары енді. Соның бәрі-бәрі бір кітапқа тоғыса келіп, Қазақ деген еліміздің де, қашанда елімен бірге өмір кешіп келе жатқан автордың да өсу, толысу, өркендеу баянын тұтас күйінде алға тартады.

О 4702250202-049  
402(05)-07

**ББК 84 Қаз 7-5**

ISBN 9965-815-84-4 — (Т.1)  
ISBN 9965-815-83-6

© Нұрғожа Ораз, 2007  
© “Жазушы” баспасы, 2007

## КІРІСПЕ

Нұрғожа шабытының тұлпары — мазасыз тұлпар. Ол әрқашан шабыс тілеп тұрады. Жақынға да, алысқа да шаба алатын қанатты тұлпардың қазақ жырына салған олжасы аз емес. Лирикалық қысқа өлендерден бастап, үлкен дастандар тудырған ақын шабытының шалқыған кездеріне өзіміз талай рет куә болдық. Күнде шабыс тілейтін, қырдан шыққан қиқуға қосыла кететін оның тұлпарына мен жеңіс, бақыт тілеушілердің бірімін. Нұрғожа — өз дәуірінің асқақ жыршысы. Отанымыздың басынан өткен әр оқиғаға Нұрғожаның өлең арнамаған кезі жоқ та шығар. Сезім лирикаларымен бірге тың көтеру, ғарышқа ұшқан батырлар тағдыры ақын жігіттің жырларына арқау болғанын оқырман көптен біледі. Өз кезінен, өзінің сүйікті Отанының бастан кешкен ұлы оқиғаларынан ешбір ақын аттап өткен емес. Кешегі еліміз басынан кешірген Ұлы Отан соғысы, соғыстан кейінгі екпінді жылдар, елдің етек-жеңін түріп, ер сңбекке кіріскен шағы — бәрі-бәрі Нұрғожа жырларының алтын қоңырауы, тері кеспеген тұлпар омырауы, бітпейтін, құлаққа жағымды қоңыр өні, сазды, сырлы күйлері.

Арманым алыстаған көшпей ұзап,  
Жұртында қалған шоғы өшпейді ұзақ.  
Қиялым қуғыншы боп қанат қақса,  
Салады жүрегіме көшпес сызат.

Базарлы бал өмірде кеше ғана  
Балқыдым болмысыммен жеке-дара.  
Ал бүгін айналшақтап жоқ іздеймін,  
Көңілдің күлазуы етек ала.

Барады бұл өмірім байыз ташпай,  
Өтсемші арманымды тайыздатпай,  
Көңілдің көк дөңесін қаңтарғанша,  
Кел, қалқам, осы әніме сай ырғақтай.

“Өмір отіп барады” деп аталатын осы олеңнің әр жолына мен қол қоямын. Мұнда жасы біразға келген қарт көңілдің мұңы бар. Аздаған қайғысы да бар. Бірақ соңғы екі жолда сол өмірге деген құштарлық белең алып, бет көрсетеді. Өмір қалай тез өте шыққан! Базарлы өмірдің кеше ғана балқытқаны, кеше ғана шадыман шаққа жетелсіп, көңілді шалқытқаны қайда? Қайда бәрі, расында?! Ақынның жүрегінен шыққан осы іспеттес жырлар бұл кітаптарда көп-ақ.

Жапанда жалғыз ағаш ойға батқан,  
Кол беті қалың шулы тойға мақтан.  
Солардың әрқайсысы бір ғибрат,  
Кетеді сонда жырға бойлап ақ таң.

Бұл дала — арман дала, бақыт дала,  
Өзгенің теңеуі тек жақұт қана.  
Мен үнін әулием де, данам да осы,  
Келеді алға ұшырып уақыт дана.

Туған жерің, туған далаң — тәрбиешің де қамқорың. Оның анаңның алақанындай аяулы алақанында сен ержеттің. Сондықтан оған табынып өткен жылдарың олжадан құралақан емес. Жер анаң саған ғұмыр сыйлады, сен оған жыр сыйладың. Ілгері жүрген сайын туған жерің асқақтайды, биіктейді. Ол сенің көңілінде өсе түседі. Сені де өсіреді. Ақынның ішкі сырына үңілген сайын, оны өз оқырмандары терең ұғына түседі, сүйе түседі. Туған жердің табиғаты ақынның ұшар қиясы, қонар ұясы да. Ақын да күс секілді. Бұл табиғат анасының құшағында өмір сүреді.

Бар дүние балқиды күн нұрынан,  
Түр дәмелі бұлт берер тынымынан.  
Аңқау, албырт бұталар сағымға еріп,  
Бұллырауы кем емес сиқырыңнан.

Бала қайың бейжайлық қалыңқа еніп,  
Сыбдыр, судыр ойыны ашық келіп,  
Жапырағы жуасып, түнжырайды,  
Телімесе самалды алып келіп.

Табиғаттың мөлт еткен бір шағын ақын аса шеберлікпен қағазға түсірген. Созден сурет салған. Сөзден шашыраған сәулелер козіңе қуаныш, коңіліңе жақсылық сыйлайды. Нүрғожа табиғатында коп жарқылдай бермейтін, түнжыр ойдың қушағына кіріп, үнсіз жүруді жек көрмейтін жеке талант. Нүрекеннің жырларына мен баға бермей-ақ қояйын. Оған бағаны сұжылдан бері оны оқып келе жатқан оқырман қауым берсін. Мен оның тек шабыт тұлпарын мініп жүргенін көруге күштар бауырымын.

Осы екі томдыққа кірген дастанның бірі — “Мама батыр” дастаны. Еліміздің басынан өткен ерлік жолын әсем де әсерлі жырлайтын “Мама батырға” аздап тоқталған жөн сияқты. Шұғыл басталып, шырқап барып аяқталатын асыл әндей құлағыма да, коңіліме бұл дастан әбден ұнады. Мама батыр — жас батыр. Айламен де, ақылмен де, батыр жүрекпен де қатарынан озып туған бағланның бағын өзінің жеке-дара қасиеті ашқандай. Дастан авторы осы дастанға өз бойындағы ыстық отын да, алғыр коңілін де ту еткен. Өзінің қандас бабасының ерлігін біздің замандасымыз терең сезіммен, ыстық махаббатпен әсем орнектеген. Кейде қара сөз көтеретін жүкті ақындықтың алып нарына артып жіберсең, о да оқырманын жалықтырмай, жаныңа сәулелерін төгіп, өзінді ізгілікке, ел сүюге баулитынын бұрыннан білсек те, Нүрғожа дастаны сол сенімімізге ғажап нұр құйып жіберді.

Қазақта батырлар жырлары аз емес. Өзіміздің асыл ағамыз Мағжан жазған “Батыр Баянға” еріп, “Мама батырдың” әдебиетімізге келуі — қуанып құптар оқиға. Дастанды бір деммен оқып шықтым. Ақын досымның ақындық алғырлығына, сөз саптаудағы шеберлігіне шексіз шаттандым. Соғыс суреттері, арпалыстар, жеңіспен жеңіліс, еркіндік аңсаған ерлік, батыр бабаларымыздың ақыл-ой мен даналығы жақсылыққа жол

ашады. Осы ерлік дастаны Нұрғожа ақындығының бір биігі деуге біздің де әбден хақымыз бар. Дастанда жырланатын Әз Тәуке — халқымыздың ары, ақылы боп, тарихымызда жоталанып кеткен ұлы тұлға. Сол ұлы тұлғаны біздің ақын аса бір ізгілікпен, аялы сезіммен жырлайды. Ұлыларға деген ұрпақ ілтипатының бітпейтіні оқырманды терең ойларға жетелейді...

Садақтар назағайлы жаңбырдайын,  
Соғыста алғанқы оқтар алғыр дәйім.  
Кенеттен күтпеген жау домалады  
Қаңбақты сайға қуған дауылдайын.

Он-оннан садақ оғын дәлдеп атып,  
Алдыңғы батырларын дәл құлатып,  
Кернейдің қайталанған даусыменен  
Кейінге, қырға шықты ырғып, атып.

Күтпеген бұл әдісті тосылды жау,  
Өзара айқай-шуы өсірді дау.  
Қанша өлік қарбаласта қалды сұлап,  
Өрт тиіп оршеленген секілді қау.

Бұл — соғыс суреті. Нұрғожа осы айқастың өзі ортасында жүргендей аса сезімталдықпен, көрегендікпен косем ойларын косілте шалқытып, оқырман көңілінің айызын қандырады. Меніңше, “Мама батыр” дастаны автордың да, қазақ әдебиетінің де бір биігі болар-ау деп болжам жасадық.

Нұрғожа Ораз алғашқы өлеңдерін балаларға арнап жазған болатын. Қазір, әсіресе соңғы кезде немерелеріне арнап әп-әдемі өлеңдер жазып жүр. Балаларға арнаған өлең кітабы да өнегелі жолға бастайтын оңды кітап болар деген сенімдемін. Ал үлкендерге арналған лирикасында ақын төрт аяғы тең жорға.

Алдыңдағы үлкенді көремісің,  
Осы қарт қой шежіре көне кісің.  
Ол сен түгіл, осынау дүйім елдің  
Жатқа айтып береді өнеге ісің.

Сиреп қалды қатары, селдіреді,  
Қадірлерін қарттардың ел біледі.  
Мінез-құлқы әкемнен айнымаған  
Қартқа қарап жүрегім елжіреді.

Қарт демекші, Нүрекеңнің қарт әкесінің қолын алып, сәлем берген баласының бірі едім. Аса аз сөйлейтін тақуа кісі ме деп қалдым. Кейде Нұрғожа бауырымның осы өзінің әкесі құсап үнсіз ойға шомып қалатын кездері көп. Сол ойлардың талайы қағаз бетіне өлең боп құйылды. Аузымен күс тістеген жүйрік жырларының арасында кейде қайта оқып барып түсінетін ауыр жолдар да кездесседі.

Балаларға жазған өлеңдерімен Нүрекең біздің “Балдырған” журналының белсенді авторларының бірі болып жүр. Біз онысын әбден құптаймыз. Тыңдай білсең, сәби өлеңді өзі айтады... Тек соның сөзін әшекейлеп қағазға түсіре біл. Кім біледі, көп отпей “Ерсұлтан өлеңдері” деген бір кітап дүниеге кеп те қалар. “Тәуелсіздік таңы атты” бітімі бөлек жаңа дастанында ақын қазақтың шығу тарихына шолу жасайды. Ел басқарған, елдің жадынан көше бастаған хандар, патшалар туралы біраз толғайды. Бұл жағдайларды жазуға ақынға тарих көмекке келеді. “Білгенге не жетсін” деген екен бір ғұлама ағамыз. Сөйтіп, үлкен білімнің арқасында Нұрғожа өзінің жаңа дастанына жол ашады. Тарих толқындарында жүзе білген ақындық өзінің түпкі мақсатына еркін жетеді. Қашанда жолы болыңқырамаған қазақ елінің тағдыры туралы бұл толғауды да мен сүйсініп оқыдым. Кешегі еліміз жеткен еркіндік заманға келгенде ақын қаламы кең тыныспен, зор шабыспен заулай жөнеледі. Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевқа арналған өлең жолдары бір қанатты ойлармен өріліп, оқырманды бақыт жағасына қарай жетелей түседі.

“Тәуелсіздік таңы атты” — Нұрғожаның соңғы кезде жазған үлкен шығармасы. Ел жүрегінде ұзақ өмір сүретін дастанға жол болсын айтуды жөн көріп отырмын. Бір өлең жазса қуанатын ақын жанын мен де аздап түсінем. Нүрекеңнің жаңа жырларына да риза көңілмен

қарадым мен. Енді аздап шегініс жасап, Нұрғожа өмірінің бастауы туралы айта кеткенім абзал болар.

\* \* \*

Студент жігіттің жырға ғашықтығын мен өз көзіммен көрдім, оған ердім, сліктедім. Сабақтан келісімен, бұйырған асын ішіп, ол шифонердің қалқасында тұрған тосегіне жатып алып өлең жазуға кірісетін. Немесе аға ақындардың өлеңін жаттайтын. Жазғандарын тәптіштеп көшіріп, кей күндері редакцияға қарай заулайтын. Сырбайды, Жұбанды, Мұзафарды көргенін, тіпті кейбір өлеңдерін сол ағалар ұнатып, газет-журналдарға жариялайтын болғаны жайлы бізге жан қуанышын айта келетін. Бірді-екілі өлеңдері “Пионер” журналында, “Қазақстан пионері” газетінде жарияланып та жүрді. Оқу бітірген соң өмірін түгелімен ақындыққа арнайтынын біз ішімізден сезетін едік те, оған біртүрлі қызығып қарайтын едік. Сабаққа алғыр, ойын-сауықтың гүлі Нұрғожаны тек би алаңынан көрмеген екем. Басқа студенттік шаралардың бәрінде де оның басқалардан оқшаулау көрінетінін өз көзімізбен көріп, көңіліміз қош алып, оған аса бір құрметпен, үмітпен қарайтынбыз. М. Ақынжановтың “Ыбырай Алтынсарин” пьесасындағы Ыбырай роліндегі ойынын көргендер Нұрғожадан үлкен актер шығады деп ойлаулары да әбден мүмкін еді.

Бірақ Нұрғожа өз өмірін, өз тағдырын сол ақындыққа, жазушылыққа, журналистікке арнады. Бұл жолда тапқан олжасы аз емес. Қарт ата-ананың көңілі үшін жас ақын Алматыда қала алмады. Өзінің туған Қостанайына аттанды. Алғаш бірер жыл мектепте қазақ әдебиеті мен тілінен дәріс берген Нұрғожа газетке жұмысқа ауысты. Бір өлеңнің қамы үшін ақын жігіт журналистикаға да құлаш сермеді. Шешен тілді, көсем көңілді азамат газетшілікте де өз қатарынан кем болған жоқ. Бірақ поэзия ғашығы оны ақындық айдынына шақыруын бір де тоқтатқан жоқ. Елуінші жылдардың аяғында-ақ жыр кітабын баспаға әкеп тапсырды. Ұмытпасам, сол алғашқы кітабының не редакторы, не

тұңғыш оқырманы мен болған сияқтымын. Менің де ол кезде жыр дариясына құлаш ұра бастаған кезім. Алыстан арман құалап жеткен досымды бар көңілмен, ыстық құшақпен қарсы алдым. Нұрғожа сол 60-жылдардың басында Ақмолаға өлке газетіне кеп жұмыс істей бастады да, бір күні Қазақстан Жазушылар одағының Тың өлкесіндегі өкілі боп бір-ақ шықты. Өлке жазушыларымен бірге өзі де өсті. Еңбегін, өмірін өлеңге түгелдей арнады. “Өрімталдар”, “От кешкен балалық”, “Дәуір додасы”, “Сарыарқа сырлары” деген кітаптары бірінен кейін бірі жарық көре бастады. Жастықтың асыл әуендеріне толы жыр жолдарын ақын ағалары Мұзафар да, Ғафу да, Ізтай да аса бір ілтипатпен қарсы алды. Бала күнінің досы мен де бауырымның жеткен биіктіктеріне қуанышпен қол соқтым. Нұрғожа өлеңдері өзінің шыншылдығымен, мөлдір сырымен, жүрек қылын шертетін мұңымен маған ұнайды. Тың өлкесінің күзін, көктемін, жазын, қысын Нұрғожа айшықты өлең жолдарына түсірді. Үңіле қараған көзге оның ақындығы адалдықты, арманды, махаббатты аялайтын сүйкімді ақындық. Нұрғожаның мен оқымаған өлеңі жоқ. Көңілдің күншуағынан жаралған жырлар оқырманын бейжай қалдырған емес. Өнші жігіттің композитор бауырларының әндеріне өлең жазбағаны мені таңғалтады. Әлде мен естімеген ән-өлеңдері бар да шығар. Жылдармен бірге өскен ақынның қара сөзбен жазған әңгіме, повестері, романдарын, көсемсөздерін мен бұл мақаламда әңгіме етпеймін.

Мен оның екі томдық өлеңдері туралы сыр шерттім. Ақынның поэмалары да оқырман жүрегін аялайтын, ақындық оралымдарымен, ой ағындарымен, жарық сәулесі бойуларымен менің көңіліме ұнаған дүниелер. Мен ол поэмалардың мазмұнын айтып, оқырманның уақытын алғым келмейді. Қартаймайтын көңіл, алыста қалған аяулы жастыққа деген сағыныш, қара көзді, тәтті сөзді махаббат, майысқан көктем гүлдері, күздің жомарт, мейірімді күндері, дүниеге жүректен жарып шыққан балаларға деген көңілі — жалпы адам өмірінің бар кезеңі Нұрғожа ақынның жырларын өшекейлеп,

әсемдеп корсетіп тұр. Шабысынан жаңылмаған ақын достың өлең өлкесіне әкелген қазынасы аз да емес, көп те емес. Өзіне біткен көкорай көңіл, арманшыл жүрек жырларын еліне күн сайын, апта сайын, ай сайын, жыл сайын арнап келе жатқан ақын бауырыма өнердегі жолың әрдайым бола бергей деп тілеп айтсам, артық болмас.

Жетпістің желді күнінің қуанышы болып отырған ақын таңдамаларының оқырман жүрегіне тартқан жолы да нұрлы, даңғыл жол болғай. Сенің ұзақ жылғы еңбегіңнің еліңді сүйсіндіретініне мен де үлкен сеніммен қараймын. Өлең туралы көп айтқаннан гөрі, өлеңнің өзі сөйлегені дұрыс. Өлеңдерің сенің жүрегіңнің сөзін айтты. Демек, сөзді сол өлеңдерге беріп, жолына тағы да сәттілік тілейік.

*Тұманбай Молдағалиев,  
Қазақстанның Халық жазушысы.*

*Бірінші бөлім.*

## **ӨЛЕҢДЕР**



### **АУЫЛЫМНЫҢ АСПАНЫ**

Алып қанат лайнердің  
Ақ кемесі аспанда.  
Сол биікке сай келдім  
Көңіл шалқып тасқанда.

Ауылымның аспаны  
Еркелетіп көтерген.  
Мәртебемнің асқаны —  
Бұлт табанға төселген.

Шырағданым — жанған күн,  
Сағынышқа төлемім.  
Төбесінен бар жанның  
Нұр себеді өлеңім.

Өз аспаным бұла ғып  
Жаралғаннан дем берген.  
Саф ауасы ұлы ағын  
Кең кеудемде тең келген.

Еркін жұтып еркелеп,  
Еркіндікте тасамын.  
Жұлдыз болып ең керек  
Жарығымды шашамын.

Жатқандайын жыр шұбап,  
Құс жолымен ұшырды.  
Тез жетуге қамшылап,  
Найзағайын ұсынды.

Алып лайнер жылжиды  
Алақанға салғандай,  
Жүрек тербер бір күйді  
Шертіп келем армандай.

## **ҚАРА ШАҢЫРАҚ**

Қарлығаштай өріп салған  
Ұям деймін үйімді.  
Ұл-қыздарым — өрім тал да,  
Бағбан қарт де күйімді.

Немерелер — жас шыбықтар  
Көктеп өсіп, көрінген.  
Сыр-сымбатта ұқсастық бар,  
Өзімді көр төлімнен.

Отбасында әрқайсымыз  
Бір-бір тетік боламыз.  
Алға жүзген қалдырып із,  
Біз — кемеіміз жолы аңыз.

Үй ішінен сәл ұзасам,  
Оралғанша асығам.  
Жолда жүріп алаңдасам,  
Сел боп қайтам тасыған.

Үйім, қара шаңырағым —  
Кішігірім Отаным.  
Ылғи үйден табыламын,  
Көш басында атамын.

Ұлы Отанды біздердейін  
Шаңырақтар құраған.  
Болман артық сөзге бейім,  
Айтқан ой ғой ұлы адам.

**СЕНІМ МЕН СӘУЛЕ**

Сенімім бар,  
Бірақ ол діннен басқа.  
Сәулем бар жарығырақ күннен басқа.  
Сол сенім,  
Сол сәулені қанға сіңген  
Көмкеріп қоятынмын гүлмен жаста.

Көргем жоқ дей аламын қия басып,  
Қаламым сенім үшін  
сияға асық.  
Қиялым ерке бала секілденіп,  
Шындықтан озып жүрер  
Қияға асып.

Ақынның аптығатын,  
талпынатын,  
Алқынып,  
Жетер шағы бар тынатын.  
Ойлары оза шауып алда жүрсе,  
Барлаушы дейміз оның,  
бәлкім,  
атын.

Нұр сәуле  
сол сенімнің жолын ашқан,  
Сондықтан өміріміз толы дастан.  
Отаным әділдікпен алға басып,  
Самсаған жұлдыздарға жолы ұласқан.

Сенімім —  
алдамайтын болашағым.  
Жырыммен оған күнде жол ашамын.  
Жарқырап тұрған кезде бақ жұлдызым,  
Мен қалай өз жолымнан адасамын.

\* \* \*

Пай-пай, дүние-ай, тұрмайды-ау бір қалыпта,  
Не сын қояр жайым бар бұл халыққа.  
Кокке үшырса қырандай бірде сені,  
Бірде тастар алаулап тұрған отқа.

Бір күн жүрсең жайрандап күлкің тасып,  
Су сепкендей қаласың бір күн жасып.  
Мейлі қалай дүние құбылса да,  
Тек маңыңнан жүрмесін жұртың қашып.

Ағын судай билігің тасып тұрса,  
Кездесуге құмар көп ғашықтарша.  
Құрақ болып иіліп сылдыр қағар,  
Сайрап кетер гармонша басып қалса.

Сүрінгенде сол жандар жалт береді,  
Сені даттап сөйлеуді шарт көреді.  
“Мен сөйдедім-бүйдедім” дегендейін  
Шешенсінген сөздері артқа ереді.

Солай, солай, бауырым, бұл дүние,  
Тұрмайды әсте құбылмай бір күйінде.  
Өзгерді деп дүние – құбылмалық  
Ұқсап жиі ауысқан сырт киімге.

## **АУЫЛДАҒЫ КЕЗДЕСУ**

Түсіп те жүрміз ортаға,  
Жыр сүйген қауым алқалап.  
Тигендей бетім торқаға,  
Көтеріп көңіл салтанат.

Ақкөңіл қауым баладай  
Алақайлайтын қуанса,  
Ауырғанына қарамай,  
Алақан соғар, құп алса.

Клубтың іші қаладай  
Сол қауым сарт-сұрт қол соққан.  
Жандары жайсаң даладай,  
Мейірлі көздер барды ұққан.

Бүрк етіп сонда бір сезім  
Бойымды билеп, жылытқан.  
Тапқаным анық жыр көзін,  
Босатып сырды құлыптан.

Мейірім төккен жанарлар  
Аймалап сүйді жанымды.  
Уа, халық! Таптым, қарандар,  
Армандап жүрген таңымды!

Сөзімді құптап, бір-бірін  
“Көрдің бе!” — деді-ау, түртеді.  
Елжіреп жүрек құрғырың,  
Толқынға түсті бір, тегі.

Мен үшін мақтан кернеген  
Әр жырға айтып алғысын,  
Өлеңге әбден шөлдеген  
Аяулым, ауылым! Армысың!

Өзге де қауым бір бөлек,  
Өздерің маған бір төбе.  
Сыйлығым осы жыр — бөбек  
Қабылдап жатқан гүл дене.

Жанымнан ұшқан жалыным —  
Сағыныш табы өртеген.  
Лапылдап тұрған бәріңнің  
Махаббаттарың ол деген!

Атғанып сәби шақтық қалың тойдан,  
Ауылда балалығым қалып қойған.  
Құлындай құлшындырып еркелеткен  
Шығарман сол ауылда халықты ойдан.

Өздері өзге жұрттан бір бөлек-ті,  
Жанымды солар еккен гүл бөлепті.  
Коздері мейірім тұнған көлдер еді,  
Мен білген жаннан олар мүлде ерек-ті.

Сілтедім стартымнан басталатын  
Солардың тағып берген жас қанатын.  
Келемін талмай ұшып талай белден,  
Елімде мен мерейі асқан ақын.

Сондықтан бар дауыспен жырлап келем,  
Косіліп жыр мұхитта жылда ақ кемем.  
Кейде мен қан тілейтін құзғындарға  
Жұмсаймын қару қылып жырды ақберен.

Өйткені білем соғыс алапатын,  
Семсерге жазықсыз қан жалататын.  
Қайталап “қара қағаз” ауылымды,  
Болмасын зар жүтумен таң ататын.

Ауылым ар мекені, арман шыңы,  
Жетеді жанкештілік алған сыны.  
Бейбіт күн биігіне шырқап шығар  
Бір ақын тусын да асып талғам сыры.

Өзімнен асса сол бір балапаны,  
Сонымен сәнін тапса дала таңы.  
Сіміріп сан ғасырдың сусын жырын,  
Бойына сіңірсін тек сан атаны.

Куәсі болсам асып туған ұлдың!  
Дер едім: “Асылданып тұрған гүлмін”.  
Ал менің тал бесігім қалған ауыл  
Мекені мейірі үстем тұнған жырдың.

**ӨМІРІМ ЖЫР ӨЗЕНДЕЙ**

Өлеңсіз атпайды таң, отпейді күн.  
Шаршаймын ол жоқ жерде коптей жүгім.  
Өлеңім ақ қанатым, шапқан атым,  
Ол барда өрлік етіп өктейді кім?

Жүремін үнемі өлең ортасында,  
Көше ме, үй ме мейлі — ол қасымда.  
Өзен мен бұлақ жыр боп ағып жатыр,  
Шын өлең кокмайса қыр торқасында.

Қалада, далада да атқанда ақ таң,  
Тіршілік гимн жырын аспандатқан.  
Сейілде мені айнала өлең жолы  
Сабылып әрлі-берлі тасып жатқан.

Сол жырдың көбелегін қағып алып,  
Айқындап өлеңімнің бағын анық,  
Ақ қағаз — көңілімде қондырамын,  
Алауын шабытымның жағып алып.

Өмірдің өрлеп жатыр мол дастаны,  
Бақытты-ау болашақ зор жолға асқаны.  
Отаным — ұлы дастан гүл мекені,  
Жарқырап жыр жұлдызға толды аспаны.

**ЖҮР, ДОСЫМ, БІЗДІҢ ЖАҚҚА**

Keң далада қыран боп туып-өскен,  
Самғап жүріп сағымның буын кешкен,  
Досым едің даладай кең пейілді  
Шығармайтын таңғы алау — туын естен.

Жүр, маған ер, барайық біздің жаққа,  
Қаршығалы қара орман, гүлді баққа.  
Орман жайлы мен саған сыр шертейін,  
Бір шаттанып шалқып қайт күлім қақ та.

Мен орманның сырымен өмір танып  
Оскен жанмын, көк түске көңіл қанық.  
Әр ағаштың таратам шежіресін,  
Ажыратам соңғы өскен “толін” де анық.

Гид болайын музейді аралатар,  
(Музей үшін деп жүрме қалаға апар).  
Таңғажайып табиғат суреттерін  
Орман сенің алдыңа балалатар.

“Тентек” қайың қисайып қыңыр өскен,  
Жалбыр ағаш ғасырлап ғұмыр кешкен,  
Бір бүйірде шоқ қайың “биші” атанған  
Айнымайтын бұраң бел, жұмыр төстен.

Әзірге мен тоқтайын осы шеттен,  
Бұл жайымды түсінші, досым, еппен.  
Қаршығалы орманын сағынғанда  
Ойша осылай

нуын көп кешіп өткем.

### **ЕСЕП БЕРЕМ АУЫЛЫМА**

Ауылдан жастай аттандым,  
Оятып арман ертерек,  
Аялап атқан ақ таңым  
Талапты алға жетелеп.

Біртіндеп алыс әкетті  
Талабым – тайым тұлпар боп.  
Ортада жүрдім әдепті,  
Кезікті достар сұңқар боп.

Қаз қалпы қалған көңілде  
Ауылым сырын білер ме ең.  
Қаламым – қару, өмірге  
Өкіл ғып мені жіберген.

Сондықтан қоям ойға алып,  
Есептеп өмір ағысын,  
Оралсам ертең тойланып  
Жатсын деп тапқан табысым.

### ШҮБАТ

Түйешілер қосына  
Түскеніміз бақ екен.  
Сыбырлаймын досыма:  
— Жеңгем қылап, бап екен —

Шұбат құйып шараға,  
Сапырады сыпайы.  
Үйің түгіл, далаға  
Иісі аңқиды-ау ұдайы.

Мұрын жарып барады  
Иісі ерек қытықтап.  
Қымызды ойға салады,  
Алсам деймін бір ұрттап,

Құйды ожаумен сапырып,  
Сырлы аяқты толтыра.  
Шұбат — “бура” ақырып —  
Күшіне енді ол тура.

Ішсең қазір, бура боп  
Шығардайсың сілкініп.  
Тәбет артты, тағат жоқ,  
Тұра алмадық іркіліп.

Сімірістік шұбатты  
Әрі қышқыл, әрі бал.  
Құйды бойға қуатты,  
Дәрі, қайрат — бәрі бар.

**ӨРІМТАЛ МЕН САНДУҒАШ**

Жағасында Есілдің  
Жайқалады өрімтал.  
Өзенді өрлеп көсілдім,  
Өркені өскен көңіл бар.

Сарыарқаның самалы,  
Сезім бейне толқыған.  
Еске салар ананы  
Ұлын көріп шалқыған.

Өрімталды баппенен  
Тербетеді жел үзбей,  
Жүзіп қазір ақ кемең  
Жөнелердей теңізге.

Бар дүние ұмыт қап,  
Табынды үнге төңірек.  
Жүрегімді қытықтап,  
Тамылжып кеп төгілед.

Өзге дыбыс тоқтаған,  
Жел де үп етіп еспеді.  
Жүрегім де соқпаған  
Секілді,  
лүп етпеді.

Тынып іштен дем алып,  
Жан біткендер табындық.  
Есіл ерке – ер анық  
Тынды, естілмей ағын түк.

Талда бұлбұл сайрап тұр  
Сан құбылтып әр үнін.  
Құрметтеуге айғақ бұл  
Табиғаттың дарынын.

Қым-қуыт ой бастағы  
Қуылыпты, қарасам.  
Сергектік кеп жастағы,  
Түлетіпті тамаша ән.